

Ауылдық елді мекенде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек тағайындау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2012 жылғы 22 тамыздағы N 40/8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 06 қыркүйекте N 3219 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы N 56/11 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2012.12.20 N 56/11 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 5 тармағына, 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Успен аудандық мәслихаты

ШЕШІМ

ЕТЕДІ:

1. Успен ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек көрсету 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерде, жылына бір рет қамтамасыз етілсін.

2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының норма талаптарына қатаң сәйкес "Успен ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне осы шешімнің 1 тармағының орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу бойынша әлеуметтік көмек қаржыландыру 2012 жылға арналған аудан бюджеті аясында жүзеге асырылады.

4. Осы шешімнің іске асырылуын бақылау аудан мәслихатының экономика және бюджет жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

5. Осы шешім бірінші рет ресми жарияланғаннан күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енеді.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

О. Устименко

Р. Бечелова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК